

ӘОЖ 551.4

М.Қожахмет

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МИНЕРАЛДЫҚ-ШИКІЗАТ РЕСУРСТАРЫНА
ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БАҒА БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

В статье рассмотрены проблемы экономико-географической оценки и место минерально-сырьевых ресурсов Казахстана в международном разделении труда. Автором предложены точки зрения ученых на эти проблем и дается анализ ситуации на современном этапе.

The article is dedicated to research deflected mode of hinged support flat elements in dependence from variation relation depth to length. Design equations for stresses and displacements, determinant equations for function of deflection, boundary conditions are represent here. Example of uniformly distributed loading flat element analysis is show in article.

Белгілі бір аумақтың табиғат жағдайы мен ресурстар жиынтығы оның табиғи-ресурстық әлеуетін құрайды. Оның құрылымы сол аймақтың, ауданның, мемлекеттің әр түрлі табиғат жағдайлары мен ресурстарының ара-қатынасынан тұрады. Табиғи-ресурстық потенциал деп аумақтың (ауданның, мемлекеттің, экономикалық зонаның) табиғи-ресурстық байлығының тұтас көлемінің құндық мөлшерін айтамыз.

Табиғи ортаның адамның өмір сүруі мен шаруашылықтың дамуына және орналасуына әсер етуін зерттеу экономикалық және әлеуметтік географияның басты тақырыптарының бірі болып есептеледі. Н.Н.Баранский белгілі бір мемлекет, аудан, аймақтардың табиғат жағдайы мен табиғат ресурстарына экономикалық-географиялық баға бергенде және олардың өндірістік дамуы мен орналасуына әсерін анықтағанда мынандай қағидаларға көңіл бөлу керек деп есептейді:

- табиғат қоғамның, оның ішінде өндірістің, дамуы мен орналасуына белгілі бір жағдай мен мүмкіндікті ғана тудырады;
- табиғат ортасы қоғамдық құрылыстың дамуына немесе шаруашылықтың мамандануына тікелей әсер етпейді, бірақ тиімді немесе тиімсіз жағдай жасауы мүмкін;
- табиғат жағдайына экономикалық баға беру адамзаттың әр даму кезеңдерінде абсолюттік бірдей болмайды, яғни, тарихи процесс болып есептеледі;
- табиғат ортасы мен шаруашылықтың даму барысындағы өзара тәуелділік, өндіретін және тұтынылатын өнімдердің өзіндік құнында есептелуі және тиімділік тұрғыдан көріне білу керек (тиімді, тиімсіз, қымбат, арзан);
- табиғат ортасының адамзаттың және шаруашылықтың даму процесіндегі әсері мен деңгейіне баға беру;
- болашақта адамзат қоғамының қоршаған табиғат ортасына ықпалы мен әсерін болжау [1].

Табиғат жағдайы мен табиғат байлығына экономикалық-географиялық баға беру белгілі бір принциптерге, яғни сол елдің немесе аймақтың тарихи даму кезеңдерін, табиғи ортаның бұзылмауын ескеру арқылы негізделуі керек. Дүние жүзі шаруашылығының жедел қарқынмен дамуы көптеген елдерде табиғат ресурстарын қолдануды ұлғайтуға мәжбүр етеді. Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың екінші жартысында жаһандық экологиялық мәселелер және экологиялық апатқа ұшыраған аймақтар мен аумақтардың көбеюіне әкеп соқты.

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік сфераларының тарихи даму кезеңдерінде табиғи факторлардың әсерін ескермеу мүмкін емес. Көптеген елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуында,

әсіресе алғашқы кезеңдерінде пайдалы қазбалар, тиімді экономикалық-географиялық орын, табиғат жағдайлары зор роль атқарды. Қазақстанның табиғат ресурстары (әсіресе пайдалы қазбалары) өндіргіш күштердің дамуына, құрылымына, орналасуына және аумақтық ұйымдастырылуына басты әсер етті. Өндірістің көптеген салаларының экономикалық тиімді дамуы мен орналасуы: отын-энергетикалық, минералдық-шикізат, агроклиматтық, биологиялық, рекреациялық, жер және су т.б. ресурстарға сандық пен сапалық тұрғыда баға беру, олардың техникалық, гидрогеологиялық, технологиялық ерекшеліктері, қорларының аумақтық шоғырлануы мен орайлас орналасуы, өндіру мен өңдеу жағдайлары, тасымалдау мен экономикалық тұтыну ерекшеліктері және т.б. себептерге байланысты. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде табиғат факторы экономиканың дамуын тұрақтандыру мен әлеуетін ұлғайтуда басты роль атқарады. Бұл үшін Қазақстан үкіметі минералдық-шикізат ресурстарын тиімді және кешенді пайдалану бағдарламасын жасады. Мұнда елімізді экономикалық дағдарыстан алып шығу үшін тау-кен өнеркәсібінің базалық сала бола беретіні арнайы көрсетілген. Яғни бұл саланың дамуы тек қана шикізат өндірмей, құрылымдық өзгеріс арқылы, жартылай фабрикат пен дайын өнімдерді өндіруді көздейді.

Табиғат ресурстары деп өндіріс күштерінің белгілі бір даму сатысында, қоғамның қажетін қанағаттандыру үшін материалдық өнімдерді өндіруге пайдаланатын табиғат денелері мен күштерін, нақты айтқанда, табиғат ресурстарының өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтынатын өнімдерге айналуын айтамыз [2].

Ғалымдардың есептеуі бойынша, Қазақстан Республикасы дүние жүзінде табиғат ресурстары қоры бойынша 6-шы орын алады. Зерттелген табиғат ресурстары қоры 10 трлн. АҚШ долл. шамасында бағаланып отыр. Жан басына шаққанда мұнай, газ, көмір, темір, хром мен марганец, көптеген түсті металл рудалары, фосфат қорларымен қамтамасыз етілу көрсеткіші дүниежүзілік орта көрсеткіштен жоғары болып отыр. Қазіргі уақытта 60 элемент өндіріледі және шаруашылықта шикізат ретінде пайдаланылады. Елімізде 500-ден астам пайдалы қазбалар кен орыны белгілі, одан 1225-тен астам минералдық-шикізатты табуға болады. Қазақстанның жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды өндіруге жаңаша қарайтын уақыт жетті. Бұрынғыдай кен орындарын (Кеңес өкіметі кезеңінде) бақылаусыз, ысыраптық жолмен игеру, келешекті ойламай, уақытша экономикалық нәтижелерге жетуді ғана көздеу, табиғатты қорғау және сақтау туралы заңдарды дұрыс орындамау т.б. нарықтық экономиканың даму заңдылықтарына, егеменді тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік даму саясатына сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 27 қаңтар 1996 жылғы Жарлығы бойынша «Жер қойнауы байлығын және қоршаған табиғат ортаны қорғау» деген заң қабылданған. Бұл заң бойынша жер қойнауы байлығы, яғни пайдалы қазбалар, мемлекеттік меншік болып есептеледі. Онда жер қойнауы байлығын тиімді, кешенді және қауіпсіз пайдалану, қоршаған табиғи ортаны қорғау, республика мен оның аймақтарының мүдделерін үйлестіру сияқты мәселелер қаралған.

Әр мемлекеттің басты міндеті — өзінің табиғат байлығына, оның ішінде пайдалы қазбаларға Мемлекеттік кадастр жасау мен потенциалдық құнын есептеу. Табиғат ресурстарының құнын есептегенде жан-жақты, яғни экономикалық, рекреациялық, мәдени-эстетикалық, экологиялық, тарихтық т.б. көзқараспен, қарау керек. Табиғат ресурстарының бір түрін пайдаланғанда екіншісіне зиян келтірмеу қажет. Кеңес өкіметі кезеңінде су электр станцияларын, су қоймаларын салуда жер ресурстарының (ауыл шаруашылығына пайдаланатын) құны мен пайдасы есептелген жоқ. Көптеген құнды шабындық, егінжай су астында қалып қойды. Бұған балық шаруашылығына, рекреациялық ресурстарға, микроклиматқа, экологияға т.б. әсер ететін келіссіз жағдайларды қосуға болады.

Энергия мен шикізат өнеркәсіптің материалдық негізі бола тұрып, оның дамуына, орналасуына, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға көп әсер етеді. Мысалы, 1 т шойын алу үшін 2 т коксті көмір, 2–2,5 т темір рудасы, 0,5 т отқа төзімді балшық пен ізбес керек; 1 т мыс өндіру үшін 100 т мыс рудасын өңдеу; 1 т қалайы алу үшін 300 т руда қажет.

Көптеген табиғат ресурстарының табиғи ерекшелігіне байланысты қайта жаңартатын, қайта қалпына келетін немесе келмейтін болып бөлінеді. Шексіз сарқылмайтын ресурстарға (қайта жаңартуды керек етпейтін және табиғаттың өз заңдылығымен үздіксіз толып отыратын) күн, жел, су толқыны энергиялары т.б. жатады. Сарқылатын ресурстарға, оның ішінде қайта жаңартуға болатын, бірақ қорғауды және қайта өсіп-өнуді керек ететін ресурстарға биологиялық ресурстарды, қайта орнына келмейтін ресурстар (сарқылатын) қатты, сұйық, газ текті отындар, минералдық-шикізат жатады. Әрине, жоғарыда бөлінген топтарға әр аймақтың табиғат ерекшеліктеріне байланысты екіжақты көзқараспен қарау керек. Мысалы, су сарқылмайтын ресурс десек те, құрғақ аймақтарда (шөлейт пен шөл зоналарында) сарқылатын, бірақ тиімді пайдалану мен қорғаудың арқасында орнын

толтыруға болатын табиғат байлығына жатады. Сондықтан Қазақстан экономикасының стратегиясы мен тактикасын айқындау, өндіргіш күштерінің дамуы мен орналасуын болжау табиғат ресурстарына байланысты. Бұған мысал, соңғы жылдардағы (1997 жылдан бастап) Қазақстан экономикасының тұрақтанып, жалпы ішкі өнімнің өсуі кен-тау өнеркәсібінің дамуы мен орналасуына байланысты болып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстан тау-кен өнеркәсібі республиканың 58,6 % өнеркәсіп өнімін, 75 % валюталық кірісті береді. Кен өндіру өнеркәсібінің өндіріс көлемі 1990 жылғы және 1995 жылғы деңгейден тиісінше 33,9 % ға және 2,4 есе артты (1-кесте).

1 - к е с т е

Кен өндіру өнеркәсібінің табиғи түрдей өнімінің өндірісі*

Р/с №	Кен түрлері	Есепке алынған көрсеткіш	1990	1995	2000	2005
1	Шикі мұнай және газ конденсаты	млн.т	24,7	20,2	35,1	61,3
2	Табиғи газ	млрд. текше м	7,1	5,9	11,5	25,2
3	Тас көмір	млн.т	128,0	79,6	72,4	81,9
4	Темір кендері	млн.т	23,8	14,9	16,1	19,4
5	Мыс кендері	млн.т	38,4	21,6	32,7	33,7
6	Қорғасын-мырыш кендері	млн.т	18,8	5,7	5,6	6,6
7	Алюминий кендері (бокситтер)	млн.т	3,2	3,3	3,7	4,8
8	Марганец кендері	мың т	123,0	284,3	1201,9	2207,7
9	Хром кендері	млн.т	3,7	2,4	2,6	3,6
10	Алтынды концентранттар	мың т	-	32,0	92,8	123,2
11	Фосфатты ұсақталған және жіңішке тартылған шикізат	мың т	1292,0	992,4	123,1	345,1

Ескерту. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында: Ақпараттық талдау жинағы. — Алматы, 2006. — 129-б.

2005 жылы 1995 жылмен салыстырғанда шикі мұнай өндіру 2,8 есе, газ өндіру 4,3, темір өндіру — 1,3, мыс кенін өндіруі — 1,6, хром кенін — 1,5, марганец 7,8, мырыш 2,2 есе өсті. Сондықтан еліміздегі экономикалық жағдайды бірқалыпқа келтіру, реформалық мәселелерді шешу минералдық-шикізатқа дұрыс экономикалық, экономикалық-географиялық баға беруге байланысты.

Кен өндіру өнеркәсібі салаларының өндірісі көлемдерінің құрылымындағы өзгерістерді 2-кестеден көруге болады.

2 - к е с т е

Кен өндіру өнеркәсібі салаларының өндіріс көлемдерінің құрылымы, % есебімен*

Р/с №	С а л а л а р	1990	1995	2000	2005
1	Шикі мұнай және ілеспе газ өндіру	21,2	39,9	85,4	84,7
2	Табиғи газ өндіру	2,1	1,7	1,2	0,9
3	Көмір, лигнит өндіру	27,0	27,5	3,3	2,1
4	Темір кендерін өндіру	12,6	12,9	2,9	3,7
5	Түсті металл кендерін өндіру	19,5	11,8	3,9	3,0
6	Кен өндіру өнеркәсібінің басқа да салалары	12,3	4,7	1,0	1,2
7	Кен өнеркәсібінің өзге де салалары	5,3	1,7	2,3	4,4

Ескерту. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында: Ақпараттық талдау жинағы. — Алматы, 2006. — 128-б.

Кен өндіру өнеркәсібінің құрылымдық динамикасына көз жүгіртсек, оның құрылымында мұнай өндіру өнеркәсібінің алға шыққанын көреміз. 2010 жылы мұнай өндіру — 90 млн. т, газ 52,5 млрд. текше м құрайды, 2015 жылы тиісінше 150 млн. т, газ — 79,4 млрд. текше м.

Қазақстан Республикасы 1994 ж. «Жер қойнауындағы қатты пайдалы қазбаларды зерттеу және игеру инвестициялық бағдарламасы» деген құжат қабылдады. Мұнда былай делінген: «Кеңес өкіметі кезеңінде пайдалы қазбаларды ашу, барлау және зерттеу стратегиясы (оның ішінде аса ірі комбинаттар өңдей алатын, сапасы төмен шикізаттар) қазіргі экономикалық реформаның мүддесіне тиімді болмай шықты. Пайдалануға берілген көптеген кен орындары рудаларының құрамында металдың аздығы, тасымалдау және өндеудің қымбаттылығы нарықтық экономиканың заңдылықтарына сәйкес келмейді. Осыған байланысты өнеркәсіпті жоғары сападағы шикізатпен (рудалармен) қамтамасыз ету басты мақсаттардың бірі болып есептеледі».

Кенес өкіметі кезеңіндегі пайдалы қазбаларды ашу, барлау, зерттеу және өнеркәсіпке пайдалануға беру салдарынан қазір мынандай мәселелерді тудырып отыр:

- Қазақстанның негізгі өнеркәсіп салаларының шикізат базасы (әсіресе түсті металлургия) пайдалы қазбалардың көптеген түрлері жеткілікті зерттелмеген және пайдалануға дайындалмаған (титан, алтын, марганец, күміс, платиноидтар, қалайы, алмаз т.б.);
- көптеген кен орындарын барлау халықаралық стандартқа сәйкес емес, сондықтан шетел фирмаларының көбісі оларды игеруге қатысқысы келмейді;
- алтын, қалайы, алмаз, титан, магний, кобальт, платина т.б. жаңа кен орындарын іздеу, ашу және оларды өндіру мен өндеудің болашағы жоқ деп есептеді;
- күрделі қаржы уран рудаларын барлауға немесе әскери өнеркәсіпке керекті стратегиялық шикізаттарды игеруге бөлінді. Жұмыс жасап жатқан кен орындарына жан-жақты кешенді геологиялық зерттеулер аз жүргізілді.

Қазақстан картасына қарасақ, жер қойнауында кездесетін барлық пайдалы қазбаларды көздейді. Мұнда Д.И.Менделеев кестесінің барлық элементтері табылады. Қ.И.Сәтпаев, Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, Р.А.Борукаев, Н.И.Наковник, И.И.Бок сияқты ғалым-геологтардың күшімен көптеген кен орындары ашылып, өнеркәсіпке пайдалануға берілді. Олардың ішінде: Қостанай темір рудасы бассейні (Соколов-Сарыбай, Аят, Лисаков, Кашар, Қоржынкөл кен орындары); Атасу-Қаражал темір-марганец бассейні (Батыс Қаражал, Шығыс Қаражал, Үлкен Қтай, Жомарт, Қамыс, Өспен); Жезді-Ұлытау темір-марганец бассейні (Жезді, Жәйрем, Үшқатын, Бестөбе), Дөң хромит бассейні, Кемпірсай никель кен орны, Жезқазған, Қоңырат, Саяқ, Ақтоғай, Бозшакөл мыс кен орындары, Алайғыр, Қарағайлы, Текелі, Белоусов, Риддер, Кентау полиметалл кен орындары, Жоғарғы Қайрақты, Ақшатау, Қараоба, Ақжол, Байназар, Боғута вольфрам мен молибден кен орындарын атауға болады. Соның арқасында Қазақстан минералдық-шикізат ресурстары қоры бойынша дүние жүзі елдерінің ішінде алдыңғы қатарлы орынды алып отыр (3-кесте).

3 - кесте

Қазақстандағы отын-энергетикалық және минералдық-шикізат ресурстарының қоры, әлемде алатын үлесі және орны, 1 қаңтар 2003 ж.*

Р/с №	Пайдалы қазбалар	Есепке алынған көрсеткіш	Геологиялық қоры	Барланған қоры	Әлемдегі өзіндік үлесі, барланған қоры бойынша, % есебімен	Әлемде алатын орны
1	2	3	4	5	6	7
1	Тас көмір	млрд.т	164,4	31,3	3,4	8
2	Мұнай	млрд.т	12,0	5,4	3,2	8
3	Табиғи газ	трлн. текше м	8,0	3,0	-	11
4	Уран	млн.т	1,5	470,0	19,0	2
5	Темір	млрд.т	17,0	9,1	6,0	7
6	Хром	млн.т	430,0	316,0	37,6	2
7	Марганец	млн.т	900,0	400,0	30,0	3
8	Мыс	млн.т	34,5	14,0	10,0	9

1	2	3	4	5	6	7
9	Мырыш	млн.т	58,7	34,7	13,0	1
10	Қорғасын	млн.т	27,3	14,8	19,0	2
11	Молибден	млн.т	-	1,0	12,0	4
12	Вольфрам	млн.т	3,2	22,0	50,1	1
13	Барит	млн.т	—	17,0	47,2	1
14	Алтын	млн. т	1140,0	902,1	-	9
15	Күміс	мың т	44,5	13,4	5,0	10
16	Фосфорит	млн.т	-	801,9	5,2	6

* *Алианов Р.* Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке: проблемы и их решения. — Алматы, 2004. — 200 с., *Кожасмет М.* Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. — Қарағанды: КарМУ баспасы, 2006. — 480 б., *Суюмбаева С.Т.* Социально-экономическая география Казахстана: В таблицах и схемах: Справ. пособие. — Алматы: АГУ им.Абая, 2005. — 150 с.

Р.Алшановтың мәліметтеріне жүгінсек, Д.И.Менделеев кестесіндегі көптеген элементтердің, оның ішінде жаңа технологияның (мысалы, нанотехнология) дамуын аса қажетті сирек және өте сирек кездесетін металл рудалары, қымбат металл рудалары, құрылыс өнеркәсібі шикізаттары, қымбат тастар бойынша біздің еліміз алғашқы он-жиырма елдердің ішінен табылады (4-кесте).

4 - кесте

Қазақстанда кездесетін сирек және өте сирек түсті металдар

Р/с №	Руда түрлері	Металдардың атауы
1	Қоспа түсті металдар	Вольфрам, боксит, молибден, ванадий, никель, кобальт
2	Қымбат металдар	Платина, палладий, радий, осмий, рутений, иридий, стронций
3	Өте сирек кездесетін металдар	Лантан, церий, неодим, празеодим, самарий, иттрий, диспрозий, европий, тербий, теллур
4	Сирек кездесетін металдар	Рений, необий, бериллий, титан, литий, тантал, кадмий, галлий, таллий, висмут, селен, индий, ртуть, мышьяк, цирконий, скандий, германий, кремний

Қазақстан коммерциялық тұрғыдан 3 қара металл, 29 түсті металл, 2 қымбат, 84 өнеркәсіптік минералдардың иегері болып есептеледі. Әлемде рений өндіруден 1–2-ші орын, бериллий — 1–4, хром рудасы, феррохром, титан губкасы — 2, марганец рудасы, феррокорытпа, тантал, асбест, ниобий, галлий, техникалық таллий, мышьяк — 3, уран — 4, ванадий — 5, висмут — 6, шақпақ мыс, мырыш, кадмий, бор, күкірт — 7, магний — 8, глинозем, күміс — 9, мыс рудасы, шақпақ қорғасын — 10, көмір, темір рудасы, шақпақ мырыш — 11, молибден 16-шы орын алады [3].

Дүниежүзілік рынокта жоғарыда көрсетілген түсті металдарға сұраныс ұлғайып келе жатыр, екіншіден, олардың әлемдік нарықтағы бағасы түсті металл рудаларының негізгі компоненттерінен (мыс, қорғасын, мырыш және т.б.) кейде артып кетеді. 2003 жылғы мәліметтер бойынша, әлемдік рынокта: вольфрамның 1 т — 90–93 долл., молибден 1 кг — 5,7, ванадий 1 кг — 10, никель 1 т — 9785, кобальт 1 кг — 8,5–11, боксит 1 т — 295, рений 1 т — 9700, ниобий 1 т — 40,7 мың долл., бериллий 1 кг — 848 долл., титан 1 т — 2000–2050, литий 1 т — 165–260, тантал 1 кг — 19, кадмий 1 кг — 660–1310, галлий 1 кг — 2500, таллий 1 т — 21466, 1 кг — 2,8–3,1, селен 1 кг — 6,2, индий 1 кг — 150–160, ртуть 1 кг — 200, мышьяк 1 т — 660, цирконий 1 т — 420, скандий 1 кг — 1280, кремний 1 т — 1250–1350 долл. тұрды [3].

Жоғарыда көрсетілген металдардың шикізаты бойынша Қазақстан халықаралық еңбек бөлінісінде өзіне лайықты орынды алудың алғы шарттары бар. Дүние жүзіндегі шикізат өндірумен айналысатын ірі 90 компаниялардың 13 компаниясы Қазақстан үлесіне тиеді, олар: «Жезқазғансирекмет» РМК рений өндіруден әлемде — 1–4 орын, «Өскемен титан-магний комбинаты» титан губкасын өндіруден — 2, «Дөң тау-кен байыту комбинаты» хром рудасын өндіруден — 2, «Үлбі металлургия зауыты» бериллий өндіруден — 2, тантал өндіруден — 3, «Қазақстан алюминий» АҚ галий өндіруден — 3, глинозем өндіруден — 9, «Еуразия өнеркәсіп ассоциациясы» феррокорытпа өндіруден — 3, «Қостанайасбест» АҚ асбест өндіруден — 3, «Казатомпром» ҰАҚ уран өндіруден — 4, «Жайрем тау-кен байыту комбинаты» марганец рудасын өндіруден — 5, «Оңтүстік полиметал» АҚ висмут өндіруден — 6, «Қазмырыш» АҚ шақпақ мырыш өндіруден — 7, «Соколов-Сарыбай тау-кен өндіріс бірлестігі» темір рудасын өндіруден — 15, «Қазақмыс» корпорациясы» АҚ шақпақ мыс өндіруден 10 орын алады. Сондықтан Қазақстанның минералдық-шикізат ресурстарын орналасуына және пайдалануына экономикалық-географиялық тұрғыдан баға беру мәселелерін ғылыми-теориялық және қолданбалылық тұрғыда сараптауды қажет етеді [4].

Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыру және аумақтық ұйымдастыруын болжау үшін минералдық-шикізат ресурстарын төрт бағытта: *локалдық, аймақтық, аймақаралық және әлемдік* маңызы бар ресурстар тұрғысында баға беру керек. Қазақстанға соңғы екі тип ресурстары тән болғандықтан, еліміздің халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде жетекші орын алудың басты факторы болып есептеледі. Яғни дүниежүзілік рынокта және сыртқы экономикалық байланыста Қазақстанның жер қойнауы байлығына әлемдік экономикалық сұранысы, екіншіден, олардың бәсекелестікке қабілеттілігі, үшіншіден, сұраныс көлемінің ұлғаюы, төртіншіден, шикізатты өндіру мен өңдеудегі технологиялық жетістіктер Қазақстанның жаһандану экономикасындағы орнын анықтауға, болашақта өндірісті кеңістік (аумақтық) ұйымдастыру мен халықтың қоныстауын болжауға басты экономикалық-географиялық индикаторлар болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Баранский Н.Н. Становление советской экономической географии: Избр.тр. // Мысль. — 1980. — С. 31.
2. Трофимов А.М., Котляков В.М., Селиверстов Ю.П. Природные ресурсы и природно-ресурсный потенциал территории: анализ понятий // ИРГО. — Вып. 4. — 2000. — Т.132. — С. 21.
3. Алишанов Р. Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке: проблемы и их решения. — Алматы, 2004. — 200 с.
4. Қожахмет М. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. — Қарағанды: КарМУ баспасы, 2006. — 480-б.

ӘОЖ 582.21.13

Қ.Б.Бекішев, Р.Т.Мусина

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

НҰРА ӨЗЕНІНІҢ ЖЕЛ АРҚЫЛЫ ЛАСТАНУЫ

В статье рассматривается экологическое состояние реки Нуры, находящейся на территории Центрально-Казахстанского региона. В статье представлены причины загрязнения реки и указаны профилактические работы по ее очистке и сохранению.

At the scientific article to look ecology condition arriver Nura, be on the territory central — Kazakhstan region's definite cause the pollution and point our prophylaxion's works cleans and keeps the river.

Халқымыз Сарыарқа деп атайтын Орталық Қазақстанда орналасқан Қарағанды аймағы уақыт өте келе ірі индустриялы-аграрлық өлкеге айналды. Жер қойнауының бай болуы және аса бай жергілікті табиғат қорларын пайдалану көмір өндірудің, түсті және қара металлургияның, машина жасаудың, химия және мұнай-химия өнеркәсібінің жедел өркендеуін қамтамасыз етті. Пайдалы қазындыларға